

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

*«Заманауи лингводидактика және үштілді білім беруді
дамыту»*

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдары

Материалы международной научно-практической
конференции

*«Современная лингводидактика и развитие
трехязычного образования»*

Materials of the international scientific and practical
conference

*«Modern linguodidactics and the development of trilingual
education»*

г.Нур-Султан
2022

ӘОЖ: 80/81:37.0

ҚБЖ 81.2/74.00

3-21

Бас редактор

Резуанова Г.К., ф.ғ.к., доцент, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері

Ғылыми редактор

Бижкенова А.Е., ф.ғ.д., «Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ шетел филологиясы кафедрасының меңгерушісі

Редакция алқасы:

Жақиянова Ж.Г., философия PhD докторы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері

Беришева Л.Б., «Білім берудегі көшбасшылық» магистрі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері

Кенжигожина К.С., философия PhD докторы, «Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ шетел филологиясы кафедрасы доцентінің м.а.

«Заманауи лингводидактика және үштілді білім беруді дамыту»
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. - 419 б.

ISBN 978-601-7353-37-7

Жинақта ҚР БҒМ «Білім және ғылым жүйесін дамытудың ғылыми негіздері» (2021-2023), тіркеу нөмірі №OR 11465474 нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру жобасы аясында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция қатысушыларының баяндамалары ұсынылады. Конференцияның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасындағы заманауи лингводидактика және үштілді білім беруді дамыту мақсатында педагогикалық әрекеттердің негізгі бағыттарын талқылау. Мақала мазмұны үшін авторлар жауап береді.

ISBN 978-601-7353-37-7

ӘОЖ: 80/81:37.0

ҚБЖ 81.2/74.00

3-21

@ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022

ЖАҢА ҚОЛЖЕТІМДІ ПЛАТФОРМАЛАР КӨМЕГІМЕН ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

РАЗРАБОТКА ДОМАШНИХ ЗАДАНИЙ С ПОМОЩЬЮ НОВЫХ ДОСТУПНЫХ ПЛАТФОРМ

DEVELOPING HOMEWORK USING THE NEW AVAILABLE PLATFORMS

¹Кусенова Л.Т.,

²Кусенова Г.Т.

¹Астана халықаралық университеті

²Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ

Аңдатпа. Мақалада үй тапсырмаларын қызықты түрде беру арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру және оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында тиімді платформалар қарастырылған. Білім беру платформалары оқушылардың тіркелуіне оңай, сонымен қатар үй тапсырмалары оқу жетістіктеріне қарай жасалуын қарастыру өзекті мәселе болып отыр. Берілген мақаланың мақсаты – пәнді игеру, өткен тақырыпты немесе тақырыптан бөлек қажетті ақпаратты үйрену үшін үй тапсырмалар стратегиясын қарастыру, сонымен қатар оқушылардың өз қызығушылығымен орындауын қарастыру мақсатында үй тапсырмаларын жаңа қолжетімді платформаларда әзірлеу. Мақалада бірнеше тиімді платформалар қарастырылған.

Аннотация. Повышение мотивации и побуждения интереса у студентов с помощью интересных домашних заданий с помощью эффективных платформ, которые в том числе помогут улучшить успеваемость учащихся и их академические достижения при выполнении домашних заданий является актуальной темой. Целью научной статьи является разработка домашних заданий с применением новых общедоступных платформ с целью освоения предмета и изучения пройденной темы или необходимой информации, а также побудить интерес у учащихся к выполнению заданий. В данной статье были приведены несколько платформ, которые эффективны для создания домашних заданий.

Abstract. Homework assignments have become a significant topic for the improvement of students' learning performance and enlarging their academic achievements. The aim of the article is to develop homework strategies, to create homework assignments on online platforms based on the level of necessity and effectiveness of tasks. In this article there are presented several effective platforms that can be used to create homework assignments.

Кілт сөздер: үй тапсырмалары, платформа, сайт, мотивация, білім сапасы

Ключевые слова: домашние задания, платформа, сайт, мотивация, качество знания
Keywords: homework assignment, platform, site, motivation, quality of knowledge

Қазақстандағы білім беру жүйесінің маңызды ерекшеліктерінің бірі - үй тапсырмасын беру маңызды ма және қандай стратегиялар оқушылардың өзіндік бағдарланған білімін дамытуға көмектеседі және оларды мектептен кейін алған барлық материалдарды біріктіруге талпындырады деген сұрақтар туындап отыр. Қазақстанда үй тапсырмасы ата-аналарының көмегі аясында жасалуы керек деген идеология оқушылар мен ата-аналардың арасында, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының арасында әлі де кең таралған, бұл мұғалімдерге тапсырма беру кезінде туындайтын мәселелердің бірі болып табылып отыр.

Іс жүзінде оқыту үй тапсырмасы білім берудің негізгі ресурстарының бірі ретінде қолданылған кезде жүзеге асады. Оларды үйге берудің мақсаты - олардың оқу жетістіктерін жақсартуға және оқу жетістіктерін ұлғайтуға мүмкіндік беру болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысының шешуші мақсаты – үй тапсырмасының тақырыпты толықтау меңгеруге немесе қосымша ақпаратты алу кезінде оқушының қызығушылығын арттыруды қарастыру. Басты зерттеудің бағыты - ата-аналар неге балаларымен бірге үй тапсырмасын орындайды немесе орындап беруді, ата-ананың оқу процесіне қатысу ықпалының нәтижесін және оқушылар үй тапсырмасының қай түрін орындағанды ұнатады деген сұрақтарға жауап іздеу. Оқушыларды қызықтыратын үй тапсырмасы жасақтау тәсілдері қарастырылып, олардың сабақтан кейін күнделікті алатын үй тапсырмалары туралы шағын сауалнама алынды. Статистикаға сәйкес, бұл ата-аналар балаларына оң ықпал ету үшін шынымен де көмектескілері келетіндігін көрсетеді.

Шетелдік ғалымдардың үй тапсырмасын қызықты ету, оны оқушылар қалай қабылдайтындығын анықтау мақсатында мақалаларын және зерттеу жұмыстарымен танысқан болатынбыз. Цай мен Цзян қытайлық және американдық студенттердің арасында үй жұмысын қалай қабылдайтындығы туралы зерттеу жүргізді, оның нәтижелері көрсеткендей, қытайлық студенттер американдыққа қарағанда үй тапсырмаларын көбірек алады және басқа елдегі құрбыларымен салыстырғанда үй жұмысын орындаған қытайлық оқушыларға ұнайтындығы анықталған. Себебі, олар үй тапсырмасын көбірек орындайтын себебі балалар арасында жоғары бәсекелестіктің бары әсер ететіндігі айтылған [1; 212]. Алайда Купер мен Леттерман сияқты кейбір ғалымдар көптеген үй тапсырмалары оқушыларға берілген тапсырмаларды орындауға емес, бағаға ғана оқуға талпындыруы мүмкін деп пікірлер айтқан [2; 6]. Сонымен қатар, кейбір оқушылар үй тапсырмасын өздігінен орындай бермейді деген көзқарастар бар. Купер үй тапсырмасының кері әсерлерінің бірі - алдау екенін көрсетеді, себебі оқушылар басқа оқушылардың жасаған тапсырмаларының жауаптарын көшіріп береді. Краловец пен Буэлл мұғалімдердің барлығы жағдайды біліп

отыруы мүмкін емес деп болжайды, себебі оқушылардың өздері орындағанын не басқа сыныптасынан көшіріп алғанын біле алмайды деп болжайды [3; 27].

Сонымен қатар зерттеу барысында Краловец және Буэлл жыл өткен сайын үй тапсырмаларының саны артып келе жатқандығын, отбасылық басымдылықтар ескерілмейтіндігі және жыл өткен сайын балалардың өздерімен ұстайтын сөмкелер салмағының ару салдарынан жас балалардың сүйектеріне зақым келетіндігі жайлы тоқталып өткен.

Олай болса, үй тапсырмаларының негізгі мақсаты білімді тереңдету болып саналатын болса, әрі білім беру үдерісінің маңызды және ажырамас бөлігі ретінде есептелсе, олардың барлық пән ескеріле отырып, балалардың отбасылық жағдайлары, жас ерекшеліктері, мүмкіншіліктері ескеріліп, бірігіп, нақты қажетті әрі балаларды қызықтыратын етіп жасаған тиімдірек болады.

Үй тапсырмалары арқылы балалар сабақта алған дағдыларына сәйкес бағаланады; сондықтан мұғалімдер оқушыларының жеке бейімділіктерін, таланттары мен қабілеттерін орындалған тапсырмалар негізінде анықтай алады. Қазіргі кезде адамзат құрған үлкен көлемдегі ақпараттың күрт өсу қарқыны бірнеше жылдан кейін пайдасыз болып барады. Олар бүгін біле алады, бірақ ақпараттың прогресі мен өзгерістері бірнеше жылдан кейін ескіреді, бұл адамдарды қайтадан білуге әкеледі [4; 5]. Сыныптың үздік оқушылары болған адамдарға да бірнеше жылдық үзілістен кейін басынан бастау керек. Біз оқуды хобби ретінде жасай алған жағдайда шексіз процесске айналып, адамдар өздігінен оқуды үйренеді, әрі көбірек материалдар интернет желісі арқылы ала алады. Демек, кей жағдайда олар мектептен алатын ақпараттар өміріне жеткіліксіз болып жатуы да ықтимал.

Нәтижесінде - олар мектептен алатын минималды материалдар мен ақпараттарды ғана емес, нақты пәнге жетудің көптеген жолдарын іздейтін оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамытуды жетілдіру. Барлық пәндер негізгі пән ретінде қарастырылмауы керек, олар осы пәннің қажет екендігін және білімін одан әрі жетілдіру үшін осы білім беру саласын таңдауды жоспарлап отырғанын шешуі керек.

Оқу формасының ұйымдастырушылық формаларын және үйге тапсырма беру процесін анықтау мәселесі бар. Оқушылардың өздігінен білім алуына және оқушылардың өз бетінше білім алу қабілетін қалыптастыруға үнемі үлкен мән берілген. Қазіргі уақытта Қазақстандағы білім беру бағдарламасын дамытуға ең маңызды екі ықпал бар. Олар білім алушыларды күнделікті оқыту және мұғалімдердің қолдауынсыз білім алу үшін кездесетін қашықтықтан оқыту сабақтарын жаңарту.

Алайда, біз өз тәжірибемізге сүйене отырып, оқушылардың және олардың ата-аналарының белсенділігі мен қызығушылықтарының төмендігі сияқты мәселелерге тап болып жатамыз. Сол себепті де белгілі бір үй

тапсырмаларын әзірлеу стратегиялары мен талаптарын қарастырған жөн деп табылды.

Оқушылардың қызығушылығын зерттеу мақсатында жүргізілген сапалық және сандық зерттеу әдістері қолданылып, эксперименттік топта сауалнама алынды. №53 мектеп-лицейі оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, сауалнамаға барлығы 57 оқушы қатысты. Мүмкіндігінше оқушылардың шын ойы мен қызықты деген балалардың пікірлері мен идеялары қарастырылды. Жалпы сауалнама келесі 15 сұрақтан жасалған. Сауалнамаға сүйене отырып, оқушылардың шынайы тілектері айтылғандығы байқалады. Басты үй тапсырмасын әзірлеу стратегиясы, баланың сыныпта алған білімін бекіту үшін мүмкіндігінше қызық тапсырманы әзірлеген дұрыс деген тұжырымға тоқталдық. Ол:

1. Электронды жұмыс кітаптарын әзірлеп, оқушылар өздігінен тапсырмаларды орындап, қатесімен жұмыс жасауға мүмкіншілік беру. Ағылшын тілі пәнінен, әрине өзіндік бірге берілетін жұмыс кітаптары, қосымша электронды кітабы (i-ebook) берілетін болса, қалған пәндерді де осылай ұйымдастыруға болады.

2. Кеңейтілген тапсырмалар. Бұл интернет желісінде бар ақпарат құралдарын қолдану. Атап айтар болсақ, барлығына дерлік интернет желісіне кіру мүмкіншілігі бар. Дегенмен, тым көп ақпараттың болуынан, мұғалім ішінен қажетті деген сілтемелер беру арқылы, өзіндік жұмыстарын ұйымдастырып, қосымша видео, аудио, тест тапсырмаларын орындауға жігерлендіруге болады. Балалар көрген подкасттары, теледидардан көрген хабарлар, әндерімен сабақ барысында ойымен бөлісуге мүмкіншілік беру қажет.

3. Тапсырмалар, сыныптастарын оқыту әдісін қолдану. Бұл балалардың қызығушылығын арттырады, әрі мұғалімнің айтқанынан сыныптастар көбіне өз сыныптасының сөзін тыңдаған, түсінген оңай екендігі зерттеулерде байқалған. Демек, өзі оқи отырып, бір-бірін оқыту әдісін қолданған да тиімді әдіс болып табылады.

4. Шынайы өмірмен байланыстыру. Киноға бару, кітапханаға бару, журнал оқу және соларға «Обзор» жасау берулу қажет.


5. Зерттеу жұмыстары, жоба жұмыстарын беру. Белгілі уақыт беріліп, оқушылардың қызығушылық негізінде пәнге сай зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсыну. Биология пәнінен қызығатын жануары жайлы зерттесе, физика сабағында ауа райын бақылап, журнал жүргізу берілсе балалардың еңбек тәрбиесі де дамиды.

Қорыта келгенде, осы стратегиялар бағытында келесі тарауларда интернет арқылы қолжетімді платформаларды пайдалану қарастырылады.

Осыған дейін технологияның дамуы сабақты оқыту жолдарын жеңілдетіп, оның ішінде ағылшын тілінің оқытылуын жеңілдетті. Білім беруде қолданылатын әртүрлі заманауи жабдықтар мен қосымшалар бар,


соның ішінде компьютерлер, сандық камералар, видео, бейнеконференциялар, сөздерді өңдеу, сөйлеуді тану, электронды сілтемелер, оқу бағдарламалық қамтамасыздандыру және т.б. Нұсқаулық бағдарламалық жасақтама кеңінен қолданылады, ол оқу жаттығулары мен тәжірибеден тұрады. [9; 10] Сол себепті де жоғарыда қарастырылған үй тапсырмасын беру стратегияларына сүйене отырып, бірнеше платформа, оқу порталдары, сайттары қарастырылды. Сол бағытта жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың берген кері байланысына сүйенер болсақ, балалардың жай жазу, есептерды кітап арқылы орындап қана қойған қызықсыз көрінеді. Қойылған стратегиялар бағытында жасалған жұмыстар келесідей көрініс тапты:

1. **Электронды жұмыс кітаптарын әзірлеу.** Электронды жұмыс кітабын күнделікті сабақ оқытып жүрген **Google classroom** платформасын қолдану да ыңғайлы. Тапсырмаларды мұғалім жасақтай отырып, оқушылардың жауаптарын бір жерде жинақтауға мүмкіншілігі бар, әрі оқушыларға қатемен жұмыс жасауға мүмкіншілік бере алады.



Сурет 1 - «Google classroom платформасы арқылы тапсырмалар беру»

Сонымен қатар, «Liveworksheets» платформасы арқылы пән мұғалімдері әр сабаққа бөлек-бөлек тапсырма әзірлеп, барлығын жинақтап, жұмыс дәптерін жасауға да болады. Әрі бұл сайтта дайындалған тапсырма түрлері өте көп. Мұғалім тақырыпты жазып, іздеуге басып қажетін қолдануға, әрі оқушылар тапсырманың түрлілігі арқылы қызығушылығын жоғалтпайды.



Сурет 2 - «Liveworksheets платформасы»

OnlineTestPad арқылы тегін тіркеліп, ішінде дайын тапсырмаларды қолдануға болады немесе дайын мәтін, видеоларды енгізе отырып, тест тапсырмаларының түр түрін әзірлеуге мүмкіншілік бар. Әрі осы платформа арқылы тесттерді әзірлеп, сілтемесін Google Classroom сыныбының «Тапсырмалар енгізу» кезінде қолдануға болады. Дегенмен тіркелу барысында оқушыларда біршама қиындықтары болуы мүмкін.



Сурет 3 - «Online Test Pad» платформасы

Әрине, «Learning Apps» платформасының да өте көп қызықты тапсырмалар жасау мүмкіншілігі сабақтан тыс берілетін үй тапсырмаларының қызықты болатыны белгілі. Мысалы, әзірленген тапсырмаларды «Мои упражнения» деген жерден тауып, немесе тақырыпқа қарай жасалған тапсырмалардан тауып жасауға да болады.




Сурет 4 – «Learning Apps» платформасы


2. **Кеңейтілген тапсырмалар.** Кеңейтілген тапсырмалар пәннің қызықты дайын сайттарынан іздестіріп, тақырыпқа қарай немесе қосымша ақпарат ретінде қолдануға болады. Оларға: <https://learnenglish.britishcouncil.org/>, <https://www.podcastsinenglish.com/>, <https://lengish.com/grammar/exercise-100.html>

3. **Тапсырмалар, сыныптастарын оқыту әдісін қолдану.** 11-сынып оқушысы Сағындықов Еранғайыптың күнделікті ағылшын тілін үйреніп, қателерін түзету арқылы, өзі оқыту арқылы тақырыпты тез түсінетіндігін айтады. Қыркүйек айынан бастап жүргізіп келе жатырған «Awesome English» каналынан келесідей нәтижелерге қол жеткізді.



Сурет 6 «Оқушының ағылшын тілі шақтарын түсіндіруі барысынан»






Сурет 7 «Каналын жүргізіп жүрген уақытының нәтижелері»

4. Шынайы өмірмен байланыстыру. Шынайы өмірмен байланыстыру тапсырмалары оқушылардың, мысалға алатын болсақ, банкіде дәндерді өсіру, жануарларды бақылау, табиғатқа шығып сурет салу, табиғат құбылысын бақылау, магазиншіден қажетті затты сұрау арқылы, үш тілде сөйлеп тәжірибе жасау секілді түрлі әдістерді қолдануға болады.

5. Зерттеу жұмыстары. Зерттеу тақырыптарын беріп, Canvas, Google classroom, WhatsApp, Telegram арқылы топтар жасақтап, тақырыптар бойынша талқылаулар өткізуге, әрине жасалған жұмыстарын сол арқылы бөлісіп, талқыға салуға мүмкіншілік бар.

Қорыта келгенде, қандай да болсын үй тапсырмасын беру кезінде 1900 жылғы көлік пен 2020 жылғы көлік, 1890 жылдардағы телефон мен қазіргі мобильді телефонды салыстырғандағыдай ескеріп, оқушылардың қызығушылығына, олардың мүмкіншіліктерін ашуға болатын мүмкін жолдарын қолданған жөн деп санаймыз.


Оқушылардың қызығушылықтары ескеріле отырып және жоғарыда көрсетілген стратегиялар мен платформалар көмегімен 7-сыныптарға арналған үй тапсырмалар жинағын ұсынып отырмыз. Оқушылардың қалауы бойынша интернеттегі Ютуб желісінде бар «Learn English with Disney Movies», «Learn Egnlish with Movies» каналына сүйене отырып бірнеше тапсырмалар әзірленіп, Google Classroom платформасына басқа да платформаларды сілтемелер біріктіріп тапсырмалар әзірленді.



Сурет 8 «Google classroom» платформасында «Үй тапсырмалар» бөлімін ашу

Берілген тапсырмалар оқушылардың қызығушылығына орай жасалған. Берілген 7-сынып оқушыларының мемлекеттік бағдарлама бойынша меңгеру керек тақырып бойынша сабақтарының видеосабағы, қосымша тапсырмалары берілген болса. Соған қосымша оқушылар қызығушылығына қарай Дисней мультфильмдерін көре отырып, әрі сонда берілген тапсырманы орындау арқылы тақырыпты қаншалықты түсінгенін тексере алады.

Тапсырмалар жинағы келесідей сұрақтар, тапсырмалар арқылы жасақталды:



Сурет 9 «Google Form» арқылы тест тапсырмасын ұйымдастыру

Қорытындылай келе, біз нәтижелерді қорытындылап, зерттеуді аяқтағмыз келеді.

1. Оқыту стратегиясы білім алушыларды өз жетістіктерін өздігінен басқаруға итермелейді. Олар барлық жоспарланған жұмыстарды стратегияларды сақтай отырып орындауға тырысады.

2. Компьютерлік технологиялар әр түрлі құралдарымен оқушыларды қызықтыра алады. Арнайы бағдарламалар оқушыларға сабақтан тыс уақытта жаттығуға және олардың үлгерімін тексеруге көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. К.С.Тсай, Х.И.Джианг. Chinese and American Third Grade Students' Perceptions of Homework. Экономика, менеджмент және әлеуметтік ғылымдар жураныл, №2(6), 2016 жыл. 212 – 216 бб..
2. Х.Купер. Homework research and policy: A review of the literature. Newsletter журналы, №2(2), 1994 жыл.
3. Э.Краловеч, Дж.Буэлл. The End of Homework: How Homework Disrupts Families, Overburdens Children, and Limits Learning. Beacon баспасы, 1 Тамыз, 2001 жыл.
4. Х.Купер. The Battle Over Homework: Common Ground for Administrators, Teachers, and Parents Corwin Press, 2001 жыл.
5. С.Зенталл, С.Голдстэйн. Seven Steps to Homework Success: A Family Guide to Solving Common Homework Problems Specialty Press, 1998 жыл
6. Х.Купер. Synthesis of research on homework. Educational Leadership, 47(3), 1989. 85 – 91 бб.
7. Х.Купер. Homework: What the research says. National Council of Teachers of Mathematics, 1 – 3. Cooper, H., & Valentine, J. C. (2001). Using research to answer practical questions about homework. Educational Psychologist, 36(3), 2008 жыл. 143 – 153 бб.
8. Х.Купер, Дж.Робинсон, Э.Паталл. Does homework improve academic achievement? A synthesis of research, 1987 – 2003. Review of Educational Research, 76(1), 2006 жыл. 1 – 62 бб.
9. А.Нери, К.Кучиарини, Х.Стрик. Effective feedback on L2 pronunciation in ASR-169 based CALL. San Antonio, Texas. March 3, 2004, [electronically available] <http://lands.let.kun.nl/scratch/pubPERcat.php3?cat=1>
10. М.Моаллем. Applying constructivist and objectivist learning theories in the design of a web-based course: Implications for practice. Educational Technology & Society, 4(3). 2001 жыл. 2-16 бб.